

Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 сәуірде N 481 тіркелді

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

Ескерту. Шешімнің тақырыбына өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңы 11 бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес Хромтау ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Новоресей ауылдық округінің құрамынан жалпы көлемі 80056 гектар аумақты шығара отырып сызба-картаға сәйкес шекарасы өзгертілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Әкімшілік орталығы Табантал ауылы Табантал ауылдық округі құрылсын, сызба-картаға сәйкес оның құрамына елді мекендер мен жалпыкөлемі 80056 гектар аумақ кіргізілсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Жаңадан құрылған Табантал ауылдық округін ұстау шығыны 2000 жылғы аудандық басқару органдарын ұстауға қаралған лимит көлемінде жүргізілсін.

4. Облыстық статистика басқармасы (А.Д. Мұқаев) облыстық әкімшілік аумақтық бірліктердің есептік мәліметтеріне тиісті өзгерістер енгізісін.

5. Облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (М.Н. Жекеев) ауданның әкімшілік - аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастр құжаттарын тәртіпке келтірсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Облыстық Мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс Әкімі